

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 20 наурыздағы N 238

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Парламентінің Мәжілісіне

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесінің арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасына  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесінің арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімге 1994 жылғы 12 мамырда Алматы қаласында қол қойылды.

Қазақстан Республикасының атынан Келісімге Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ә.Қажыгелдин қол қойды.

Бұл Келісімнің мақсаты инвестицияларға қолайлы жағдай туғызу жолымен Қазақстан мен Швейцарияның арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайту

және кеңейту болып табылады. Келісімде инвестицияларға қатысты міндеттемелердің орындалуына кепілдіктер көзделген.

12-бапқа сәйкес екі Үкімет халықаралық келісімдердің күшіне енуіне қатысты Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының ұлттық заңдарында көзделген құқықтық рәсімдерді орындағаны туралы ноталар алмасқан күні осы Келісімнің күшіне енетін күні болып табылады.

Заңды қабылдауға байланысты қосымша қаржы шығындары талап етілмейді.

Айтылғандарды ескере отырып, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Сіздердің қарауларыңызға "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесінің арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын ұсынып отыр.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария  
Федералдық Кеңесі арасындағы инвестицияларды  
ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді  
бекіту туралы

1994 жылғы 12 мамырда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария  
Федералдық Кеңесі арасындағы инвестицияларды  
ынталандыру және өзара қорғау туралы

## КЕЛІСІМ

## КІРІСПЕ

Төменде "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан

Республикасының Үкіметі мен Швейцария Федералдық Кеңесі,

Мемлекеттердің екеуінің де өзара мүдделерінде экономикалық ынтымақтастықты кеңейту ниетімен,

бір Уағдаласушы Тарап инвесторларының басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында күрделі қаржы салуын жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға және одан әрі қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау Мемлекеттердің екеуінің де экономикалық гүлденуіне жағдай жасайтынын мойындап, төмендегі мәселелер туралы келісті:

### 1-бап

#### Айқындамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "Инвестор" термині Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысына қатысты қолданылғанда:

а) Уағдаласушы Тараптың қолданылып жүрген заңдарына сәйкес оның азаматы болып табылатын жеке адамды;

б) заңды тұлғаны, соның ішінде Уағдаласушы Тараптың қолданылып жүрген заңдарына сәйкес құрылған немесе ұйымдастырылған және нақ сол Уағдаласушы Тараптың аумағында өзінің тұрақты болатын және кәсіпкерлік қызметті нақты жүргізетін орны бар компанияларды, корпорацияларды, кәсіпкерлік бірлестіктерді және басқа да ұйымдық құрылымдарды;

в) кез-келген елдің заңдарына сәйкес құрылған, осы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында өзінің тұрақты болатын және кәсіпкерлік қызметті нақты жүргізетін орны бар Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматтары, болмаса заңды тұлғалары тікелей немесе жанама түрде бақылап отырған заңды тұлғаны білдіреді.

2. "Инвестициялар" термині мүліктік игіліктердің барлық түрлерін білдіреді және,  
а т а п а й т қ а н д а :

а) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті және сервитут, кепілге салу, меншікті иеленуді шектеу құқығы, кепіл секілді басқа да мүліктік құқықтарды;

б) акцияларды, пайларды немесе кәсіпорындарға қатысудың кез-келген өзге нысандарын;

в) ақшалай борыш міндеттемелерін немесе пайдаға қатысу құқықтарын;

г) парасат объектілеріне (соның ішінде авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге, патенттерге, тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, шыққан орындарын көрсетуге), технологияларға, "ноу-хауға" және гудвилге берілген құқықтарды;

д) мемлекеттік концессияларды, соның ішінде табиғи ресурстарды барлауға, өндіруге және пайдалануға арналған концессияларды, сондай-ақ заң шығарушы органдардың шешімі бойынша, келісім шарт бойынша немесе атқарушы өкімет органының заңға сәйкес қабылданған шешімі бойынша алынған кез-келген басқа да құқықтарды қамтиды.

3. "Аумақ" термині Уағдаласушы Тараптардың кез-келгенінің аумағын білдіреді және тиісті Уағдаласушы Тарап халықаралық құқыққа сәйкес оларда өзінің егемен құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын жағалаулық суларды қамтиды.

## 2 - б а п

### Инвестицияларды ынталандыру және қорғау

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз аумағында басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларына өзінің мүмкіндігіне қарай жәрдемдесіп отырады және өз заңдарының шеңберінде мұндай инвестицияларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

2. Белгілі бір күрделі қаржы салымына рұқсат бере отырып, Уағдаласушы Тарап осы рұқсат беру жағдайы үшін қажет болғанның бәрін және техникалық, коммерциялық және басқарушылық көмек беру жөніндегі лицензиялық келісімдер мен шарттарды орындау жөнінде талап етілетін келісіп алуларды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Қажет болған әрбір ретте әрбір Уағдаласушы Тарап шетелдік азаматтардың ішінен консультанттардың немесе басқа да білікті мамандардың қызметін жүзеге асыру үшін талап етілетін тиісті рұқсаттар мен тапсырмалар беріп отырады.

## 3 - б а п

### Инвестицияларды қорғау және олардың құқықтық жағдайы

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап өз аумағында оның заңдары мен ережелеріне сәйкес

басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторлары жасаған инвестицияларды қорғап отырады және ақылға қонбайтын немесе кемсітетін шаралар қолдану арқылы мұндай инвестицияларды басқаруға, иеленуге, жүргізуге, пайдалануға, кеңейтуге, сатуға және, егер жағдай солай болса, таратуға кесел болмайды. Атап айтқанда әрбір Уағдаласушы Тарап осы Келісімнің 2-бабының (2) парасында көрсетілген қажетті рұқсаттар мен келісімдер береді.

2. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының күрделі қаржы салымдарына қатысты өз аумағында әділетті де тең жағдайларды қамтамасыз етеді. Бұл жағдай Уағдаласушы Тарап өз аумағында өзінің төл инвесторларының инвестицияларына жасайтын жағдайға қарағанда қолайсыздау болмауға тиіс. Егер неғұрлым қолайлы жағдайлар жасалған елдің инвесторларына жасалып отырған жағдай одан да қолайлы болса, онда басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларына жасалатын жағдай аталған жағдайдан қолайсыздау болмауға тиіс.

3. Неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау бір Уағдаласушы Тарапты басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларына мыналар бойынша:

а) Уағдаласушы Тарап мүшесі болып табылатын немесе болуы мүмкін кедендік яки экономикалық одақтың немесе осындай аумақтық бірлестіктің ережелері бойынша еркін сауда туралы қолданылып жүрген немесе болашақ келісім;

б) қосарланған салық салуды болғызбау туралы халықаралық келісім бойынша жасалатын жағдайдан, преференциялардан немесе жеңілдіктерден туындайтын артықшылықтарды беруге міндеттейтіндей болып түсінілмеуі тиіс.

#### 4 - б а п

#### Төлемдердің еркін аударылуы

Аумағында басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының күрделі қаржы салымдары жүзеге асырылатын әрбір Уағдаласушы Тарап мұндай инвесторларға:

а) проценттерді, дивидендтерді, пайданы және ағымдағы табыстарды;

б) кредиттерді өтеу есебіне аударылатын сомаларды;

в) инвестицияларды басқару жөніндегі шығындарды төлеуге арналған сомаларды;

г) роялтиді және осы Келісімнің 1-бабының (2) парасының (в), (г) және (д) тармақтарында көрсетілген мүліктік құқықтарға байланысты басқа да төлемдерді;

д) инвестицияларды қолдау немесе дамыту үшін қажетті қосымша күрделі қаржы салымдарын ;

е) инвестицияларды сатудан, ішінара немесе толық таратудан, соның ішінде құнның ықтимал өсімінен алынатын табысты қоса, осы инвестицияларға байланысты төлемдерді еркін аудару құқығын береді.

#### 5 - б а п

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының күрделі қаржы салымдарын тікелей немесе жанама түрде экспроприациялауға немесе национализациялауға бағытталған шаралар, сонымен бірге нақ осындай сипаттағы немесе түпкілікті нәтижедегі өзге де шаралар қолданбауға міндеттенеді. Заңдарды сақтай отырып және нақты әрі тиісті өтем жасау жағдайында қоғамның мүдделерін сақтау үшін қолға алынатын және, осындай жағдайда, барлығына бірдей негіздерде жүзеге асырылатын шаралар бұған қосылмайды. Өтем сомасы инвестициялар пайда болған елдің валютасымен айқындалуы тиіс және алушының тұрып жатқан жеріне немесе тұрақты мекеніне қарамастан оған құқығы бар адамға м е з г і л і н д е т ө л е н у і т и і с .

2. Соғыстың, басқалай қарулы жанжалдың, төтенше жағдайдың,

азаматтық қақтығыстардың немесе өзге де осындай жағдайлардың салдарынан басқа Уағдаласушы Тараптың аумағындағы инвестицияларына залал келтірілген Уағдаласушы Тараптардың бірінің инвесторларына - мүлкін иесіне қайтару, өтем жасау, өтемақы төлеу және жоғарыда көрсетілген жағдайлардың салдарынан олар шеккен залалды жоюдың өзге де нысандары осы Келісімнің 3-бабының (2) парасында ескертілген тәртіп жағдайында жүргізіледі.

#### 6-бап

Келісімге қол қойылғанға дейінгі  
инвестициялар

Осы Келісім сондай-ақ бір Уағдаласушы Тарап инвесторларының осы Келісім күшіне енгенге дейін басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында оның заңдары мен ережелеріне сәйкес жасалған инвестицияларына да қолданылады.

#### 7-бап

Неғұрлым қолайлы жағдай жасау қағидаты

Уағдаласушы Тараптардың кез-келгені мен басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасында шарттары осы Келісімде көрсетілгендерге қарағанда одан да қолайлырақ болып табылатын осындай уағдаласушылар өткенде жасалған болуы

мүмкін немесе болашақта жасалуы мүмкін.

8 - б а п  
С у б р о г а ц и я

Егер бір Уағдаласушы Тарап өз инвесторларының бірінің басқа Уағдаласушы Тараптың аумағындағы күрделі қаржы салымдарына коммерциялық емес тәуекел бойынша қаржы кепілдігін берсе, онда - суброгация қағидатына байланысты соңғысы бірінші Уағдаласушы Тараптың өзі берген кепілдік бойынша төлемдер төлеген инвестор құқығына берілетін құқығын мойындауы тиіс.

9 - б а п  
Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы тарап  
мемлекетінің инвесторы арасындағы даулар

1. Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тарап Мемлекетінің инвесторы арасындағы инвестицияға қатысты дауды шешу мақсатында мүдделі тараптар арасында сыйластық келісімге қол жеткізуді мақсат еткен келіссөздер жүргізілетін болады.

2. Егер бұл келіссөздер он екі айдың ішінде дауды шешуге әкелмесе, дау, инвестордың жазбаша келісімі болған жағдайда, АҚШ пен басқа мемлекеттердің азаматтары арасындағы инвестициялар жөніндегі дауларды шешу үшін 1965 жылғы 19 наурызда Вашингтон Конвенциясында бекітілген Инвестициялық Дауларды Шешу жөніндегі Халықаралық Орталықтың (ИДШХО) төрелік сотының қарауына беріледі.

3. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы арқылы инвестициялық дауларды ИДШХО  
с о т ы н а б е р у г е к е л і с е д і .

4. Дауласушы тараптардың бірі болып табылатын Уағдаласушы Тарап талқылау мен шешім қабылдаудың бүкіл барысында инвестор абыройы үшін қамсыздандыру төлемін немесе шеккен барлық залалын алды деп есептемеуге тиіс.

5. Төрелік сот шешімінің тараптар үшін міндетті күші болады, оған шағым беруге болмайды және Вашингтон Конвенциясында көзделгендерге қарағанда өзгеше шешім бола алмайды. Соттың шешімін атқару шешім орындалуы тиіс елдің сот шешімдерінің атқарылуын реттейтін заңдар бойынша жүргізіледі.

6. Басқа тарап төрелік соттың шешімін орындамайтын немесе дұрыс орындамайтын жағдайларды қоспағанда, Тараптар дауды шешуге дипломатиялық арналарды қ а т ы с т ы р м а й д ы .

1 0 - б а п

Уағдаласушы Тараптар арасындағы даулар

1. Осы Келісімнің ережелерін пайымдауға және қолдануға қатысты Уағдаласушы Тараптар арасындағы даулар дипломатиялық арналар арқылы шешілетін болады.

2. Егер Уағдаласушы Тараптар дау пайда болған күннен бастап он екі айдың ішінде келісімге қол жеткізе алмаса, онда Уағдаласушы Тараптардың кез-келгенінің талап етуі бойынша дау құрамында үш мүшесі бар төрелік сотқа беріледі. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы бір-бірден төреші тағайындайды және бұл төрешілер төраға сайлайды, ол үшінші мемлекеттің азаматы болуы тиіс.

3. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі төреші тағайындамаса және екі айдың ішінде осындай тағайындауды жүргізу жөніндегі екінші Уағдаласушы Тараптың шақыруына құлақ аспаса, онда төрешіні осы Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша Гаага қаласындағы БҰҰ Халықаралық сотының Президенті тағайындайды.

4. Егер екі төреші олар тағайындалған күннен бастап екі айдың ішінде төрағаны сайлауға қатысты келісімге келе алмаса, онда оны Уағдаласушы Тараптардың кез-келгенінің өтініші бойынша Халықаралық соттың Президенті тағайындайды.

5. Егер осы баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген жағдайларда Халықаралық соттың Президенті аталған қызметті орындай алмаса немесе егер ол Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болса, онда мұндай тағайындауды Вице-президент жүргізеді, ал егер ол да тиісті қызметтерді орындай алмаса немесе Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болса, онда тағайындауды Уағдаласушы Тараптардың бірде-біреуінің азаматы болып табылмайтын Халықаралық соттың дәрежесі бойынша ең үлкен судьясы жүргізеді.

6. Төрелік сот Уағдаласушы Тараптар арасындағы басқа қаулыларды бұзбай, талапты қарау рәсімін өз бетінше белгілейді.

7. Соттың шешімдері түпкілікті және Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы үшін міндетті болып табылады.

## 1 1 - б а п Міндеттемелерді сақтау

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторлары жасаған инвестицияларға қатысты өз міндеттемелерінің осындай инвестициялардың әрқайсысының әрекет етуінің барлық кезеңінде сақталуына кепілдік береді.

## 1 2 - б а п Қорытынды ережелер

1. Екі Үкімет халықаралық келісімдердің күшіне енуіне қатысты Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының ұлттық заңдарында көзделген құқықтық рәсімдердің

орындалғаны туралы ноталар алмасқан күн осы Келісімнің күшіне енген күні болып табылады. Келісім күшіне енгеннен кейін 10 жыл ішінде күшінде болады. Егер осы мерзімнің аяқталуынан алты ай бұрын Келісімнің қолданылу күші жазбаша хабар беру арқылы тоқтатылмаса, онда ол нақ сол шарттарда келесі екі жылға, содан соң тағы да екі жылға және тағы да осылайша ұзартылған болып есептеледі.

2. Осы Келісімнің қолданылу күшінің ықтимал тоқтатылуына дейін

жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты осы Келісімнің 1-бабынан 11-бабына дейінгі ережелері Шарттың қолданылу күшін тоқтату туралы хабарлама берілген күннен бастап 10 жыл ішінде күшінде қала береді.

Алматыда 1994 жылғы " " \_\_\_\_\_ қазақ, француз және ағылшын тілдерінде түпнұсқалық екі дана етіп жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін пайымдауда алшақтық пайда болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтінін басшылыққа алатын болады.

Швейцария Федералдық  
Кеңесі үшін

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария  
Федералдық Кеңесінің арасындағы инвестицияларды  
ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді  
бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасына  
АНЫҚТАМА ПАРАҚ

1. Заң жобасының бастамашысы Қазақстан Республикасының  
(органның толық атауы) Үкіметі

2. Заң жобасын дайындау жөніндегі Құрылған жоқ  
жұмыс тобының құрамы

3. Заң жобасы жөніндегі бас Халықаралық Істер, қорғаныс  
комитет және қауіпсіздік жөніндегі  
комитет

4. Заң жобасының Қазақстан 01.04.1998ж.  
Республикасының Парламентінде  
тіркелген күні

5. Заң жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті тұрақты комитеттерінің қорытындылары
6. Заң жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктердің, ведомстволардың, басқа мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің қорытындысы
7. Заң жобасының ғылыми сараптамасы Жүргізілген жоқ
8. Заң жобасы жөнінде баяндама жасау кімге тапсырылды Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің атқарушы директоры С.М.Қанапияновқа
9. Балама жобалардың болуы Жоқ
10. Заң жобасының Қазақстан Республикасының Парламентіне тапсырылған күні
11. Парламенттің заң жобасын бірінші оқылымда қараған күні және оның нәтижелері
12. Жобаны пысықтау және оны екінші оқылымға әзірлеу тапсырылған бас комитет (комиссия) басқа орган
13. Заң жобасын халықтық талқылауға ұсыну және оның Ұсынылған жоқ

мерзімі

14. Комитеттің заң жобасы  
жөніндегі қорытындысы (екінші  
оқылымның алдында)
15. Заң жобасын Парламенттің  
екінші оқылымда қарауы және  
оның нәтижесі
16. Заңның күшіне ену уақыты
17. Басқа да белгілер